

**ЖПИС «Жауқазын» бөбекжай балабақшасының педагогикалық  
кеңестің**

**Хаттамасы №1**

Өткізілген мерзімі: 31.08.2023ж

Қатысқандар саны-7

**Күн тәртібінде:**

1. Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы. 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жоспарын бекіту
2. Балабақшада оқу қызметтердің кестесін, күн тәртібін бекіту. Топтардың жабдықталуы, жаңа оқу жылына дайындығы - салыстырмалы тексеру қорытындысы.
3. Көмекті қажет ететін жас мамандарды анықтап тәлімгер тәрбиешілерді бекіту.
4. Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту.

Балабақша меңгерушісі М.М. Толбсиева кезекті процесті ашып берді. Педагогтарды жана оқу жылымен құттықтап, табыстар тіледі.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тыңдады:

1. ЖПИС «Жауқазын» бөбекжай балабақшасының 2022 -2023 оқу жылының жылдық жоспарымен таныстыру жоне бекіту туралы айтылды.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны білім беру салалары арқылы іске асыруда өтпелі тақырыптарға перспективалық жоспар құру үлгісін жасау әдістемесі талқыланып, жана оқу жылындағы өзгерістер туралы баяндалды.
3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселесі балабақша топтарының жас кезеңіне сәйкес оқу әрекет кестесін күн тәртібін бекіту туралы әдіскер З. Каршиева балабақшадағы төрт топтын жас кезеңіне сәйкес оқу іс-әрекет кестелерін күн тәртібін сәйкестендіріп бекітті. ҚР МЖМБС жана өзгерістер және балалар іс-әрскетін баскарудың әдістемелік құралы тұрғысындағы ұ.о.қ ойын түрде апталық циклграмма туралы әдіскер З. Каршиева топ тәрбиешілеріне жоспар апталық цикклограмманың апта басында бекітілуін түсіндірді және талап етті.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сұрактар мен ұсыныстар:

Топ тәрбиешілері күн тәртібіндегі төрт мәселе бойынша мысалы «Балдырған» тобының тәрбиешісі Шарипова Рисолат өз жоспарларының жанартылған бағдарлама бойынша құрылгандыгын айтып әдіскердің карап беруін сұрады.

Тәрбиешілер жанартылған білім беру жүйесіне көшу туралы өзара пікір алысты. Циклограмма мен перспектива түзерде Білім кидс сайтына сүйеніп арасына түзетулер енгізіп балабақшамызға ыңғайластырып құрылғанын. Әдіскер Каршиева Замира 2023-2024 оқу жылында өткізетін ертенгіліктердің ұок күндсрін бекітіп іс-қағаздарымызға күнделікті өткізетін ұйымдастырылған оқу кызметіне өтс мұқият болуымызды ескертті.

Қабылданған шешім:

- 1 ЖІПС «Жауқазын» бөбекжай балабақшасының 2023 -2024 оқу жылынын жылдык жоспары бекітілсін.
2. Топтардын жаңа оқу жылына данындыгы молайтылсын.
3. Жас ерекшелігіне сәйксс топтардың оқу кызметінің кестесі бекітілсін
4. Балабакшада отетін ертенгіліктер мен ашык ұок кестесі бекітілсін.

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:



Толбасиева М.М.

З.Ш. Каршиева

**ЖПІС «Жауқазын» бөбекжай балабақшасының педагогикалық  
кеңестің**

**Хаттамасы №2**

Өткізілген мерзімі: 16.11. 2023 ж

Қатысқандар саны-8

**Күн тәртібінде:**

**Тақырыбы:** «Технологияны меңгеру арқылы педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру

Баланың даму деңгейінің көрсеткіші.

Оқыту-тәрбиелеу үрдісінде ауыз әдебиетін пайдалану арқылы баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту.

Баланың негізгі тілдік құзіреттілігін қалай қалыптастырамыз?

Балаларға арналған әдебиеттер және балалардың ой-қиялдарынан құрастырылған ертегі кітаптар. Көрме

**Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тыңдалды:**

1. Бірінші кезекте балабақшамыздың ортаңғы тобының тәрбиешісі Р.Шарипова өз тәжірибесімен бөлісіп, «Адам денсаулығына көңіл-күйдің әсері» атты баяндама оқыды.

Балабақша әдіскері З. Каршиева Оқыту-тәрбиелеу үрдісінде ауыз әдебиетін пайдалануда нәтиже өте жоғары екенін атап өтті. Бала құмыра емес не болса соны сиғызатын. Сондықтан да жас ерекшелігіне қарай ертегілерді тандарда мұқият болуды ескертті. Балаға қалай жеткізуге болады. Ең алдымен баланың қызығушылығын арттыру керек. Бала естіген дүниелерін ертегілерін, көлеңкелі театр, қуыршақ театры, бармақ театры арқылы көрсетсе бала ертегіге деген қызығушылықтары арта түсетінін атап өтті.

Баланың негізгі тілдік құзіреттілігін қалай қалыптастырамыз? Деген сауалды балабақша меңгеруші ортаға тастады. Топ тәрбиешілері өздерінің ойын талқыға салып пікір алмасты. Жасырын емес қазір технологияның дамыған заманында балалар тел шұқылап, сөйлеуден қалып барады. Тіпті ересек топтардың өзінде бірнеше әріптері жоқ балалар кездесіп жатыр, ал ортаңғы кіші топтарда тіпті балалардың сөйлеуі кеш дамып келеді. Әрине бұл қалыптаса келе дамытын процес алайда оған уақыт керек.

Ересек тобының ұйымдастырылуымен балалар әдебиеті желісі бойынша құрастырылған қиял ғажайып ертегісінің кейіпкерлерінен көрме жасалғанын топ тәрбиешісі атап өтті. Осы кейіпкерлерге қарап бала психологиясын анықтауға көп көмегін тигізді деді.

### Шешім:

1. Өткен пед кеңестің шешімі қанағаттанарлық деп қабылдансын.
2. Балалар әдебиетін көбейтіп, электронды нұсқасын да қоса жүктелсін.
3. Көрменің нәтижесіне сүйене отырып талдау жасалсын.

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:



Толбасиева М.М.

З.Ш. Каршиева

## **ЖПС «Жауқазын» бөбекжай балабақшасының педагогикалық кеңестің**

Хаттама №3

Өткізілген мерзімі: 20.12. 2023ж

Қатысқандар саны-6

*Тақырыбы: «Балалардың танымдық қызметінде дербестік және бастамшылығын дамыту»*

### **Күн тәртібі:**

1. №2 Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы.
2. Педагогтардың жарты жылдық есебі
3. «Денсаулық – табиғат берген сый» медбике
4. Аралық мониторинг қорытындысы бойынша

1.Тыңдалды: бірініші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі

М.М. Толбасиева өткен кеңестің шешіміне көңілі толатынын атап өтіп жарты жылдық есеп берінін балабақша әдіскеріне тапсырды.

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері 3. Каршиева бөбекжайдың жарты жылдық есебін баяндады. Жарты жылдық есеп бойынша балабақшада атқарылған жұмыстар, өткізілген ертеңгіліктер , семинарлар,жиналыстар ата-аналар жиналысын атап өтті. Ішкі бақылау нәтижелерін атай келе ортаңғы топтарға ескерту жасап өтті. Одан әрі қарай кезегімен әр топ тәрбиешілері өздерінің жарты жылдық есептерін тапсырды. Тәрбиешілер жылдық есептерін. Іс-қағаздарын, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің жоспарын, жүргізген жұмыстарын тапсырды.

2.Тыңдалды: балабақша әдіскері 3.Каршиева сөйледі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізілдің әдістемелік ұсынымдарымен таныстырып өтті. Аралық былтырғыша Excel форматта келіп алдыңғысынан өзгешілік барын айтты. Тәрбиешілер аралық мониторинг жасап , нәтижесі әдіскерге тапсырылғаны айтылды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлігілік оқу бағдарламасын меңгеру бойынша жүргізілетін мониторинг критерилері мен индикаторларын оқып, түсіндіріп өтті. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын игеру деңгейлерін есептеу әдістемесімен таныстырды.

1-ші қосымшамен таныстырды. 2-ші қосымшада бақылау парақтары Excel форматта берілген. Топтың мониторинг нәтижелері негізінде мектепке дейінгі ұйымның әдіскері Excel форматта берілген қосымшаға сәйкес (3 Қосымша ) мектепке дейінгі ұйымның, содан соң аудандық білім бөлімдері мен облыстық білім басқармасының әдіскерлері мен мамандары аудан, облыс бойынша мониторингті жасады.

